



1845-1904

«Отыз бірінші қара сөз»

"Отыз бірінші қара сөз"

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі- көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші- сол нәрсені естігенде я көргенде фибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші- сол нәрсенің ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші- ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салымбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы- күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

СӨЗДІКТЕН ЖҰМЫС

Фибратләнү - (араб)- үлгілі,
өнегелі. «Жақсылық көрсең,
фибрәтлі, Оны ойға жисаңыз».

Уайымсыздық - еш нәрсеге
алаңдамаушылық.

Салғырттық - әр нәрсеге жай
салақ қараушылық.



Қ о р ы т ы н д ы

Сонымен, ұлы кемеңгер, ойшыл Абай ақынның сөздері халқы үшін, халқының пайдасы үшін жазылған мол мұра боп, кейінгі ұрпағына адасқанда жол сілтер, шөлікесе сусын болар мәңгі өлмес, өміршең дүниелер боп, ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келеді.

Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе» деп, кейінгілерге қалдырған өнегелі сөзінің өзінен көп сырды аңғаруға болады.

Абай шығармаларын оқып, қажетімізге жаратсақ, ол біздің ақын рухына деген құрметіміз болмақ.

Орындаған: Жақсылықова Самия. ИЯ20-2.